

**ЖББ Ы. Алтынсарин орта мектебінің Қамқоршылық кеңес
отырысының**

№1 хаттамасы

23.10.2020 жыл

Төрағасы: Мусенов Н.Д

Катысқандар: 9 адам – кеңес мүшелері

Шақырылғандар: Дақиева Э.М. – мектеп директоры
Уразалиева Д.Е. – ТІЖО

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту
2. 2020-2021 оқу жылының басталуы туралы мектеп есебін тындау

Тындалды:

1. Кеңес төрағасы Мусенов Н.Д.:

Кеңес мүшелерін биылғы жылғы жұмыс жоспарымен таныстырыды. Кеңес мүшелерінің атқаратын міндеттерімен таныстырып өтті.

Шешім: 2020-2021 оқу жылының Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Мектеп директоры Э.Дақиеваның мәлімдемесі тындалды:

2020-2021 оқу жылында білім беру процесінің нормативі құқықтық қамтамасыз етілуі: 1-4 сыныптардағы оқу процесі негізінде жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020ж 5 мамырдағы №182 өзгертулер мен толықтырулармен) бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 толықтыруларымен) бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (2018 жылғы 10 мамырдағы №199 толықтыруларымен) бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша типтік оқу бағдарламалары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына толықтырулар енгізу туралы 2019 жылғы 26 шілдедегі №334; 5-11 сыныптардағы оқу процесі келесі негізде жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020ж 5 мамырдағы №182 өзгертулер мен толықтырулармен) жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарты;


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 толықтырулармен) негізгі орта және жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарлары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2019 жылғы 15 мамырдағы №205 өзгертілген және толықтырылған) негізгі орта және жалпы орта білімнің типтік оқу бағдарламалары негізінде жұмысымыз басталды.

КР «Білім» туралы Заңының 31 бабына сәйкес 1 –сыныпқа балалар алты жастан қабылданады. Мектепке қабылдау ережелері «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың улгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазанда №564 бұйрығымен реттелген. Ережеге сәйкес бірінші сыныпқа алты жастағы балалар және ата-анасының қалауы бойынша ағымдағы күнтізбелік жылдың соңына дейін алты жасқа толған балалар, ата-ананың немесе өзге де занды өкілдерінің өтініші негізінде дайындық деңгейіне қарамастан қабылданады.

Шешім: 2.1. 2020-2021 оқу жылының басталуы туралы мектеп есебенің тыңдалғаны ескерілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:  Н. Мусенов

Хатшысы:  Д. Уразалиева